

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 10 маусымдағы ҚАУЛЫСЫ**

1. 2023-2024 жылдарға арналған Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты қызметінің есебі. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Д. Жақауовтың Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты қызметінің есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Д. Жақауовтың Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты қызметінің есебі назарға алынсын.
- 2) Университетте атқарылып жатқан студенттерді әлеуметтендіру жұмыстары күшейтілсін.
- 3) 2024-2025 оқу жылында Интеграцияланған GPA үлгісін енгізу жүзеге асырылсын;
- 4) Халықаралық студенттік ұйымдармен жастар шығармашылығын дамыту, тәжірибе алмасу бағытындағы жұмыстар күшейтілсін
- 5) Факультеттерде студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары мен клубтардың жұмысын қолдауға бағытталған жобалар жүзеге асырылсын.
- 6) Университет қабырғасында өтетін шаралар дәстүрлі деңгейде өткізілу мәселесі жүйеленсін.
- 7) 2024-2025 оқу жылында 40 ПОҚ пен 200 студенттен жасақталған «Тәлімгерлер мектебі» жұмысына факультет декандары тікелей ықпалдасу жүргізісін.
- 8) 2024-2025 оқу жылында «Университеттің белсенді студенті» категориясындағы білім алушыларға Ережеге сай оқу ақысына жеңілдік беру қарастырылсын.
- 9) Университеттің стратегиялық даму жоспарында көрсетілген сапаларға бағытталған шараларды қаржылай қолдау ары қарай жалғастырылсын;
- 10) Университеттің шығармашылық топтарын имиджді қалыптастыратын арнайы киімдер және материалдармен қамтамасыз ету жұмыстары одан әрі күшейтілсін;
- 11) Университет қызметкерлері мен ПОҚ арасындағы ұжымдық рух пен ынтымақтастықты арттыратын шаралар саны көбейтілсін.

2. Математика, физика және информатика факультетінің деканы Ш.И.Хамраевтың «Математика, физика және информатика факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) Математика, физика және информатика факультетінің деканы Ш.И.Хамраевтың «Математика, физика және информатика факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасы назарға алынсын;
- 2) Докторанттардың ғылыми жұмыстарының сапалы әрі уақтылы қорғауға шығуына кафедра меңгерушілері мен ғылыми кеңесшілерінің жауапкершілігі күшейтілсін және жол картасы дайындалсын (01.01.2025 дейін);
- 3) Факультеттің білім беру бағдарламаларына шетелдік студенттерді тарту бойынша қабылдау комиссиясының жұмысы күшейтілсін(2024/2025 оқу жылынан бастап);
- 4) Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттерді шетелдік және отандық әріптес университеттерде оқыту бойынша жоспар жасалсын (01.01.2025 дейін);
- 5) Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде ынтымақтастық саласында шетелдік серіктес университеттермен жұмыс күшейтілсін;
- 6) Постдокторанттар мен профессор-зерттеушілерінің санын көбейту бойынша іс-шаралар жоспары жасалсын (31.12.2024 дейін);
- 7) Факультеттің материалдық-техникалық базасын дамыту мақсатында инвесторларды тарту қарастырылсын;
- 8) Ағылшын және үш тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеу жалғастырылсын (ағылшын тілінде сабақ бере алатын ПОҚ құрамы күшейтілсін);
- 9) Факультет кафедраларында халықаралық, өңірлік байланыстарды жетілдіру негізінде қос дипломдық және бірлескен білім бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілсін;
- 10) QS халықаралық рейтингісі бойынша үздік шетелдік ЖОО орындарымен ынтымақтастықты арттыру жұмыстары одан әрі күшейтілсін.

3. Өнер факультетінің деканы К.А. Байқұтовтың «2023-2029 жылдарға арналған Өнер факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) Өнер факультетінің деканы К.А. Байқұтовтың «2023-2029 жылдарға арналған Өнер факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасы назарға алынсын.
- 2) Ағылшын және үш тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеп, 2024/2025 оқу жылынан бастап, педагогикалық және өнер бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларында көптілді топ ашу бойынша жұмыстары жүзеге асырылсын (2024/2025 оқу жылының 1 семестрінен бастап);

3) «Күміс жастағы» адамдар үшін «АБАІ АRT» терапиясы курстары қазіргі таңда Ғылым және Жоғары білім министрлігі тарапынан жүзеге асырылып бастаған жобаның бірі, сондықтан білім алғысы және жаңа дүние үйренгісі келетін азаматтарға жақсы мүмкіндік. Осыған орай курстардың бағдарламалары жасаланып, жүзеге асыру жұмыстары жүргізілсін (2024/2025 оқу жылының 1 семестрінен бастап);

4) 2025-2026 оқу жылы, наурыз айынан бастап «Көркем өнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы ХАБАРШЫ журналының ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын басылымдар тізбесіне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілсін.

5) WOS және Scopus базаларында индекстелген жоғары импакт-факторлы журналдарда жарияланымдар саны мен қатар отандық және шетелдік ғылыми жобалардың саны мен сапасын арттыру бойынша жұмыстар күшейту. (жыл бойы);

6) Өнер факультетінің атынан мемлекеттік гранттық жобалардың санын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілсін. (жыл бойы);

7) Өнер факультеті бойынша докторанттардың диссертация қорғау мәселесі бойынша Диссертациялық кеңес ашу жұмыстарына арналған алдын ала жұмыстары жүргізілсін (жыл бойы).

4. Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы Е.Е.Оспанкуловтың «2023-2029 жылдарға арналған Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы Е.Е.Оспанкуловтың «2023-2029 жылдарға арналған Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасы назарға алынсын.

2) «Күміс жастағы» адамдар үшін «ART&SPORT» терапиясы курстары қазіргі таңда Ғылым және Жоғары білім министрлігі тарапынан жүзеге асырылып бастаған жобаның бірі, сондықтан білім алғысы және жаңа дүние үйренгісі келетін азаматтарға жақсы мүмкіндік. Осыған орай курстардың бағдарламалары жасаланып, жүзеге асыру жұмыстары жүргізілсін (2024/2025 оқу жылының 2 семестрінен бастап);

3) WOS және Scopus базаларында индекстелген жоғары импакт-факторлы журналдарда жарияланымдар саны мен қатар отандық және шетелдік ғылыми жобалардың саны мен сапасын арттыруға қатысты жұмыстар жүргізілсін (жыл бойы);

4) Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің атынан мемлекеттік гранттық жобалардың санын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізуді арттыру (жыл бойы);

5) Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультет докторанттардың диссертация қорғау мәселесі бойынша Диссертациялық кеңес ашу жұмыстарына арналған алдын ала жұмыстары жүргізілсін және де магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің сапасын арттыруға, зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарына мониторинг жасау ерекше назарға алынсын (жыл бойы).

6) Факультет пен мектеп арасындағы тығыз қарым қатынасты дамыту мақсатында «Бастапқы әскери дайындық» және де «Дене шынықтыру және спорт» кафедралараның филиалын ашу бойынша жұмысты жетілдіру (2024/2025 оқу жылының 2 семестрі).

5. Өртүрлі.

6. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

М. А. Абсатова